Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүлделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарына, оған қоса интернет-ресурстарда оларды сараптама кеңесінің отырысында қарғанға дейін міндетті түрде жариялау.

3.4. Тіршілік әрекетті саласы спецификасына байланысты туындайтын өзге қарым-қатынас кезінде:

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандағы мен заңды мүлделерін сақтау және қорғауды қамтамассыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде олардың өтініштеріне қарау және олар бойынша қажетті шараларды қабыдау;

бағынушы жұмыскерлерді негізсіз айыптауға, дөрекілік көрсету фактілеріне, адам намысын қорлауға, әдепсіздікке, кисынсыз мінез-құлыққа жол бермеу;

басшылардың тапсырмалардың орындау процесінде тек объективті және шүбәсіз мәлеметтерді беру;

мүліктің сақталуын қамтамассыз ету, меншікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалану;

ұжымда іскери қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастық құруға және нығайтуға мүмкіндік беру;

оларға мәлім болған сыбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылық туралы балабақшасының меңгерушіге немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға кідірместен хабарлау.

4. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар:

Конституцияны және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңнама талаптарын сақтау;

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектеулерді сақтау;

балабақша меңгерушінің оның лауазымдық өкілеттігі шегінде шығарылған бұйрықтарын орындау;

әріптестерге, басшыларға және өзге лауазымды тұлғаларға сыйлық сыйламау;

қызметтік өкітіттегін орындауына байланысты сыйлық қабылдамау;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға өзге тұлғаларды интермелеу және көтермелеу;

мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік немесе өзге де ақпаратты пайдаланбау.